

## ЦИТАТА ДНЯ

**Серик АБДЕНОВ,**  
ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ  
ПРАВЛЕНИЯ ПО КОРПОРАТИВ-  
НЫМ ВОПРОСАМ АО «НК «ҚТЖ»:

**«ВЫСТРАИВАНИЕ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОГО ВЕДЕНИЯ РАБОТ, ПРАВИЛЬНОГО И СВОЕВРЕМЕННОГО РЕАГИРОВАНИЯ НА ОПАСНЫЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ФАКТОРЫ, ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ СЛУЧАЕВ ПРИЧИНЕНИЯ ВРЕДА ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЮ РАБОТНИКОВ ДОЛЖНО СТАТЬ ПРИОРИТЕТНЫМ НАПРАВЛЕНИЕМ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АО «НК «ҚТЖ»»**

## НОВОСТИ

## В СВЯЗИ С РЕМОНТОМ

24 января 2019 года с 00.00 до 18.00 по времени Астаны движение пассажирских поездов по станции Астана-1 будет временно перенесено на станцию Астана-Нурлы жол.

В этой связи ожидается корректировка расписания от одного до двух часов и порядка курсирования 36 пассажирских и пригородных поездов по узлу Астана, сообщает пресс-служба АО «Пассажирские перевозки».

Вышеуказанная мера обусловлена проведением строительно-монтажных работ в рамках проекта акимата города Астаны «Строительство тепломагистрали, технологической эстакады через железнодорожные пути по улице Бейсеновой от улицы Конституции до Угольной».

В связи с вышеизложенным, национальный перевозчик просит пассажиров и встречающих учитывать изменение в маршрутах, быть внимательными при отправлении и прибытии поездов.

Для получения более подробной информации можно обратиться в справочные железнодорожных вокзалов или в единую справочную службу 105.

Маржан БАКИЕВА

## РЫВОК ЗА ТРИ ГОДА

Грузопоток по железной дороге, соединяющей Казахстан с Китаем, к 2020 году достигнет 10 миллионов тонн. Такой прогноз дают эксперты, сделав анализ на основе темпов развития специальной экономической зоны «Хоргос – Восточные ворота» за последние три года.

С момента запуска ежегодно эксперты наблюдают стремительный рост объема обработки грузов через сухой порт. В 2015 году здесь обработали 14 тысяч 20-футовых контейнеров, а с начала 2018 года объем обработки достиг 280 тысяч единиц.

В целом, специальная экономическая зона «Хоргос – Восточные ворота» состоит из трех зон. Одним из ключевых объектов является сухой порт, занимающий 128 гектаров.

Имеется резервное пространство площадью 4 тысячи гектаров, где реализуются 5 крупных проектов. Это склады по хранению и отгрузке зерновых культур, комбинированный завод-элеватор, завод по производству фруктового джема, бетонный завод и складское помещение класса «А».

В рамках реализации новой экономической политики «Нурлы жол» Глава государства поставил задачу по становлению Казахстана торговым, деловым и логистическим хабом в регионе. Сегодня можно сказать с уверенностью, что «Хоргос – Восточные ворота» является одним из самых привлекательных и успешных проектов. На текущий момент сумма привлеченных инвестиций в СЭЗ составляет 521 миллиард тенге, – говорит заместитель генерального директора по развитию бизнеса АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев.

Асель ШАЙХЫНОВА

## МӨЙЕКТІ МӘСЕЛЕ



## ТЕМІРЖОЛ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Өткен жылдың 7 желтоқсанында отандық туризм индустриясын дамытуға және жетілдіруге арналған TravelMediaTalks халықаралық форумы болып өтті. Еліміздің туристік брендінің тұжырымдамасы көпшілік назарына ұсынылған сол айтулы жиында «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының туризм саласын насихаттауға және қазақстандық туризмді ілгерілетуге қосқан үлесі ерекше аталды.

## Асқар ИСАҚОВ

Ұлттық компания отандық туризм саласының нығаюына қалай үлес қосуда? Жалпы теміржол мен туризмді қалай байланыстыруға болады. Тарқатып көрейік.

Қазақстандағы туризмді дамытуға үлес қосу мақсатында 2018 жылдың 18 қаңтарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» АҚ еліміздің туристік бренді ілгерілету, ішкі туризмді ынталандыру жөніндегі ынтымақтастыққа қол қойған еді. Содан бастап туризм саласына қатысты ақпараттар мен жаңашылдықтар еліміздің барлық бағыттары бойынша қатынайтын пойыздарда және теміржол вокзалдарында көпшілік назарына ұсынылды. Айталық, туризм туралы бейнебаяндар Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Көкшетау және Шымкент вокзалдарында, сондай-ақ Көкшетау, Павлодар мен Шымкент әуежайларында көрсетіле бастады. Бұдан басқа, енді жо-

лаушылар туризмге қатысты телебағдарламаларды пойыз вагондарында отырып та көре алатын болды. Қазақстан темір жолының «Тұлпар-Тальго» пойыздарының 22 мен фирмалық жүрдек пойыздарының 9 құрамында қазақ және орыс тілдерінде «Unknown Kazakhstan» (Belgicis Қазақстан) телебағдарламасы көрсетілуде. Арнайы барып ақпарат алуға мүмкіндігі жоқ жолаушылар үшін бұл өте ыңғайлы әрі ұтымды шешім екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

«Unknown Kazakhstan» – Kazakh TV телеарнасындағы еліміздің ең қызықты мекендері мен белгісіз жерлері туралы баяндайтын бағдарлама. Бұдан басқа, жалпы хронометражы 6 сағаттан асатын «Discovering Kazakhstan» және «Aviator» атты ел ішіндегі саяхат туралы тағы екі бағдарламаны көрсету жоспарланған. Өйткені саяхат-ұнататын қазақстандықтар соңғы кезде әлеуметтік желілерге өздерінің шет елдерде саяхаттап

жүргендерін көбірек салатынды дағдыға айналдырып алған. Олай болса өз туған жеріміздің сұлу табиғаты мен талай тарихи кереметтерін неге көрсетпесек? Міне, соның орны осындай жарнамалық фильмдермен толығып жатқаны – қуантарлық жайт. Отандық туризм саласын дамыту бастамасын басылыққа алған «Қазақстан темір жолы» және «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниялары, сондай-ақ «Хабар» агенттігі өткен жылдың мамырында қазақстандықтарды ел ішінде көбірек саяхаттауға шақырған үндеуі көпшілікке ой салады деген ойдамыз. Осы орайда теміржол вокзалдары мен әуежайларда Қазақстанның түкпір-түкпірінде орналасқан туристік орындар туралы танымдық бейнебаяндардың көрсетілуі ішкі туризмге ден қоюға түрткі болып, «нұр үстіне – нұр» болғаны анық. Kazakh TV телеарнасының директоры Сандуғаш Рақымжанованың айтуынша, алғашқы кезеңде туризм туралы бейнебаяндар Алматы, Шығыс Қазақстан,

Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау облыстарының туристік әлеуетін паш етсе, ары қарай өзге де өңірлер қамтылатын болады. Өйткені Қазақстанның тарихы бай, табиғаты сұлу өңірлері жетерлік. Реті келгенде, араға бір ай салып, яғни маусым айынан «Азаматтарға арналған ұлттық мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ бұл бастаманы қолдап, бейнебаяндарды Қазақстан бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарында көрсетуді қолға алғанын да айта кетейік. Сондай-ақ «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайының жарнамалық операторы MYD Production да өз үлесін қосып келеді. Жарнама операторы бұл ретте белгілі қазақстандық фотограф Константин Киквидзенің Қазақстан туралы суреттерін ішкі терминалдың үшу алаңдарында орналастырғандығын да айта кеткен жөн.

(Жалғасы 2 бетте)  
Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК

## ТРАНСФОРМАЦИЯ

## МАКСИМУМ ЭФФЕКТА

В филиале АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» прошло обучение сотрудников новым бизнес-процессам по техническому обслуживанию и ремонтам железнодорожной инфраструктуры в рамках реализации проекта «Внедрение новой модели управления техническим обслуживанием и ремонтами» Программы трансформации бизнеса компании.



## Мадина КУРМАНГАЛИЕВА

Обучение проводилось представителями компании Ernst&Young с участием управляющего директора – главного инженера АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева. В мероприятии приняли участие работники департамента технической политики и регулирования, дирек-

ции магистральной сети, а также производственных департаментов пути, СЦБ и связи, электрификации и энергетики.

Поприветствовал участников мероприятия Батыр Котырев подчеркнул важность обучения новым процессам, после чего состоялось обсуждение целевых процессов. В частности, рассмотрены

ключевые отличия текущих процессов планирования, контроля выполнения и анализа текущих показателей от целевых, а также как повлияет внедрение автоматизированной системы управления техническим обслуживанием и ремонтами (модуль SAPPM) на данные процессы. Кроме того, были обсуждены

разработанные в рамках проекта документы – стратегия ТоиР, целевая организационная структура, регламенты, методики и положения. На практических примерах были рассмотрены такие темы, как планирование мероприятий ТоиР, риск-ориентированный подход к ТоиР, методики управления базами данных активов и нормативов, методика классификации активов, руководство по принятию решения о выборе способа выполнения работ: хозспособом или при помощи аутсорсинга.

По итогам обучения ключевые пользователи приобрели знания об основных направлениях проекта трансформации бизнеса в области ТоиР, обсудили завершённые задачи проекта, а также планы на 2019 год.

Обучение на этапе реализации проекта ТоиР позволяет подготовить ключевых пользователей филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» и пилотного участка филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» к внедрению целевых процессов ТоиР, что является важным условием для успешных изменений.

Ключевые пользователи, в свою очередь, в рамках своих компетенций будут обучать конечных пользователей и выполнять их поддержку по целевым процессам и работе в модуле SAPPM в ходе дальнейшего внедрения.

Фото автора

## ЖАҢАЛЫҚТАР

## ЖЫЛ ЖЕТИСТІГІ



Өткен жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша эксплуатациялық жүк айналымы 222,5 млрд тонна-шақырымды құрап, 2017 жылдың көрсеткішінен 6,6%-ке артты.

Жүк тиеу 254,8 млн тоннаны құрап, 2017 жыл деңгейінен 13 млн тоннаға көбейген. Оның ішінде 170 млн тоннасы Қазақстан ішінде тасымалданса, 84,7 млн тоннадан астамы экспортқа жөнелтілді.

Отандық теміржолшылар әлеуметтік-маңызды жүктер тасымалын толық көлемде қамтамасыз еткен. Тас көмірдің 105 млн тоннасы тиелсе, бұл 2017 жылға қарағанда 3%-ке жоғары болды. Ел ішінде 72 млн тонна қатты отын тиелсе, бұл 2017 жылғыдан 4% өсіп отыр.

Астық тиеу 11,5 млн тоннаны құрап, 2017 жылғы деңгейден 35% артқан, соның ішінде экспорт 8,8 млн тоннаны құрап, 2017 жыл көрсеткішінен 52% асқан. Ұнтақ өнімдерінің 3,5 млн тоннасы тиелсе, бұл да 2017 жыл деңгейінен 3% өсіп отыр.

Бұдан басқа, 2018 жылы негізгі барлық номенклатуралық жүктер бойынша өсім байқалған. Айталық, темір рудасын тиеу 2017 жылғы деңгейден 8%, түрлі түсті руда – 5%, құрылыс жүктері 6% артқан.

Асқар АҚТІЛЕУ

## FORBES KAZAKHSTAN ТІЗІМІНДЕ

Forbes Kazakhstan әзірлеген 2018 жылдың 50 ірі жеке компания тізіміне теміржол көлігіне қызмет көрсететін «Теміржол жөндеу» мен «Қамқор Локомотив» компаниялары еніп отыр.

Сондай-ақ бұл тізімде «Integra Construction» мен Алматы Халықаралық әуежайында байқауға болады. Forbes Kazakhstan журналының хабарлауынша, ірі жеке компаниялар рейтингіні қатысушылары мен жалпы Қазақстан экономикасы үшін өткен жыл табысты болған. Егер үздік елуліктің табысы алдыңғы жылы 3,42 трлн теңге болса, бытыр 5,04 трлн теңгеден асып отыр.

Рейтингке Қазақстанда жұмыс істейтін, капиталының 50 пайыздан кем емес бөлігі Қазақстан азаматтарына тиесілі компаниялар енген. Бұл тізімде банктер мен сақтандыру, лизингтік, инвестициялық, т.б. компаниялар жок.

Журнал мәліметінше, ақпарат ашық дереккөздерден немесе компаниялардың өздерінен алынған. Теміржол кәсіпорындары арасынан 50 үздіктің қатарына енген «Қамқор Локомотив» ЖШС құрамына 11 өндірістік филиал кіреді. Екі сервистік орталық, үш өндірістік телім жұмыс істейді. Кәсіпорында 5387 адам қызмет етеді. Ал Теміржол және автомобиль жолдары құрылысымен айналысатын «Теміржол жөндеу» компаниясында – 1,5 мың адам, бұрын «Жол жөндеуші» деген атпен белгілі болған «Integra Construction KZ» ЖШС-да 2,5 мыңға жуық жұмысшы бар. Қазақстанда жаңа теміржол желілерін салумен айналысатын компанияның шет мемлекеттерде де филиалдары бар.

Марат ТӨЛЕПБЕРГЕН

## ЦИФРА НОМЕРА

НА

35%

БОЛЬШЕ ПОГРУЖЕНО  
ЗЕРНА В 2018 ГОДУ ПО  
СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» В  
СРАВНЕНИИ С 2017-М.



railnews.kz

ЖАҢАЛЫҚТАР

## «ТЕЖЕГІШ ТАБАНДЫҒЫ» ОНКҮНДІГІ ӨТТІ

Былыр 29 желтоқсан мен осы жылдың 9 қаңтары аралығында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Достық станциясында «Тежегіш табандығы» онкүндігі өткізілді.

Станция бастығы Молдахмет Қожабековтің айтуынша, бүгінде Достықта барлығы 558 тежегіш табандығы бар. Оның 10-ы ЭЦ постында орналасқан болса, 20-сы кедендік Т паркінде, 160 табандық – А паркінде, 90 табандық – В паркінде, 110 табандық – Д паркінде және 168 табандық Г паркінде орналасқан. Аталған парктердегі табандықтар жарамдылығы мен сақталуы осы онкүндік барысында жіті тексеруге алынған.

– Онкүндік аясында табандықтарды тексеру кестесі жасалып, бұйрық шығарылды. Арнайы талаптарға сәйкес табандықтардың бекітілуі мен орналасуы қатаң тексерілді. Сонымен қатар мекеме қызметкерлеріне осы тақырыпта техникалық сабақтар өткізіліп, соның барысында тежегіш табанға қатысты нұсқаулықтар беріліп, оларды қалай бекіту, маркировка жасау, қолдану керектігі туралы кеңінен айтылды. Қысқасы, онкүндік шеңберіндегі шаралар қатаң есепке алынатын осы құралды қолдану, сақтау және есебін жүргізу тәртібіне арналды. Сонымен қатар жауапты қызметкерлердің тежегіш табандықтарды өткізу және қабылдап алу операцияларын қалай орындайтындығы да назарға алынды, – дейді станция бастығы.

Жалпы тежегіш табандық – қозғалыстағы вагондар тобын тоқтату немесе жылдамдығын азайту үшін, сонымен бірге тоқтап тұрған жылжымалы құрам жылжып кетпеуі үшін бекітуге қолданылатын, ерекше есепке алынатын, өзіндік номері болатын және арнайы тағайындалған орында сақталатын қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты ең негізгі құрал болып табылады.

Улан ОРАЗ

## YOUTUBE ЖЕЛІСІНДЕ АККАУНТЫ БАР

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның YouTube арнасында ресми аккаунты құрылды. Бұған дейін компанияның жолаушылармен байланыстың қосымша арналары ретінде Facebook.com және Vkontakte.ru сияқты танымал әлеуметтік желілерде ресми аккаунттары жұмыс істей бастаған болатын.

«Клиенттерімізді компанияның қызметі туралы ақпараттандыру үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның YouTube арнасында (https://www.youtube.com/channel/UC265EPwTx4g9RbREsEJSA) ресми аккаунты құрылды, ол тұрақты түрде ұлттық тасымалдаушының жұмысы туралы пайдалы бейнероликтермен толықтырылып отыратын болады. Арнада сіз ең қызықты оқиғаларды өте сапалы форматта көре аласыз. Өз жұмыс орынында немесе үйде, тіпті жолда жүргенде, сіз пойыздарды рейске қалай даярлайтынын – вагондарды жабдықтау және жаратқандыру, дезинфекция, дезинсекция және дератизация процедураларымен, біздің жолсеріктеріміздің оқытылуын, яғни алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша түрлі тренингтер, ең бастысы – бағажды, жануарларды тасымалдау, қауіпсіздік ережелерімен және басқа да танымдық ақпараттармен таныса аласыз», – делінген «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі тараптан хабарламада. Сонымен қатар олар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен түрлі шығармашылық студияларына «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметіне қатысты материал дайындау барысында YouTube арнасына сілтеме жасай отырып, видеоларды пайдалануға болатынын мәлімдейді.

Ислам ТАЛПАТ

## ЖЫЛ ҮЗДІГІ АТАНДЫ



Сыр елі теміржолшылары арасында әр жылы мекемелер арасында өткен жылдың үздік теміржолшысын анықтау мақсатында дәстүрлі сайыс ұйымдастырылады. Жаңа жылдың алғашқы жұмыс аптасында аталмыш сайыс Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында өтті.

Дистанция кәсіподағы ұйымының ұйымдастыруымен «Дистанцияның білгірі-2018» конкурсы аса тартысты да шиеленісті өрбіді. Үміткерлердің жауаптарын саралаған қазылар алқасы мүшелері, дистанцияның бас инженері М.Жаханов бастаған топқа әр команданың әділ бағасын беру оңайға түспеді.

Дистанцияның білгірі атануға талпынған электромеханиктер мен электромонтерлердің кәсіби жауапкершілікпен қатар ПТЭ, ИСИ, ИДП талабын білу деңгейі сараланған сайысқа 3 команда қатысты. Командалар құрамы дистанция учаскелерінен жинақталған 4 теміржолшыдан іріктелген екен. Үш турдан тұратын сайыстың алғашқы кезеңінде 30 сұрақтан тұратын тест сауалдарына жауап беру, екінші кезеңде ситуациялық сауалға ауызна жауап беру және ақырғы айналымда 20 минут ішінде ұсынылған сөздерден берілген сұрақтың жауаптарын жинақтап табуға ұмтылған конкурсанттардың таласы ешкімді де бей-жай қалдырмады.

– Үздік теміржолшы атану үшін сынға түскен әріптестеріміз ПТЭ, ИСИ, ИДП талабын білу және өздеріне бекітілген учаскелердегі жұмысқа қатысты білімін көрсету, тәжірибесін бақылау, жалпы алғанда кәсіби міндетті меңгеруі, біліктілігі сарапқа салынған конкурста үш орын белгіленді. Сайыс қорытындысы бойынша Қызылорда-Анакол учаскогының құрама командасы жүлделі 1-орынды иеленіп, қанжығаларына 15000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйлықты иеленді. Шиелі-Түркістан учаскогынан келген команда мол тәжірибелерінің арқасында жүлделі 2-орынды иеленіп, 10000 теңге сыйақы алса, жүлделі 3-орын мен 5000 теңге көлеміндегі сыйлық Қызылорда-Шиелі учаскогының теміржолшыларына берілді, сондай-ақ барлық жүлдегерлерге құрмет грамотасы, естелік сыйлықтар тапсырылды, – дейді кәсіподақ ұйымы төрайымы Марьяш Шайкемелова.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Суретті түсірген автор

ИГЛІК

## ТҮРКІСТАНҒА ҚАТЫНАЙТЫН ХАЛЫҚ КӨБЕЙГЕН

Жаңа жыл оңтүстік халқы үшін жағымды жаңалықпен басталды. «Қала маңы тасымалы» АҚ (ұлттық тасымалдаушы «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес кәсіпорны) «Түркістан - Шымкент» жүрдек қала маңы пойызының жаңа бағытын іске қосты.

Жансаы СЫДЫҚБАЙ,  
Шымкент-Түркістан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 19 маусымдағы Жарлығына сәйкес, Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала мәртебесін алып, ал Түркістан қаласы облыс орталығы болып құрылғаны белгілі. Түркістан облыс орталығына айналғалы әрине, ең алдымен Шымкенттен қоныс аударған әкімшілік және басқа да мекемелер бар, қатынап жұмыс істейтіндер саны күрт артқан. Оған облыс орталығына түрлі шаруамен ат сабылтыын жергілікті тұрғындарды қосынды, қысқасы, Түркістанға қатынайтын халық көбейген.

Қазіргі таңда жаңа облыс орталығын қалыптасуы мен қарқынды дамуына Қазақстан теміржолшылары да өз үлесін қосуда. Қос қаланың арасын жалғайтын жергілікті пойыздың тұсауын кесуге арналған салтанатты рәсімге Түркістан облысының әкімі

міндетін атқарушы Қайрат Нүкенов, «Қала маңы тасымалы» АҚ президенті Мұхтарбек Сүлейменов бастаған теміржолшылар мен жергілікті халық қатысты.

«Түркістан-Шымкент» бағытына қатынайтын пойыз аптасына екі рет – дүйсенбі және жұма күндері жүреді. Жол жүру уақыты – 2 сағат 15 минут. Пойыздағы жалпы орын саны – 175. Құрам қазіргі заманғы жылыту және желдеткіш жүйесімен, арбадағы мүгедектерге арналған көтергіш құрылғылар және орындармен жабдықталған. Жолақысы 609 теңгені құрайды. Жедел пойыз дүйсенбі күні Шымкент қаласынан сағат 05:45-те, жұма күні 19:25-те Түркістаннан шығады. Жолда тек Арыс қаласына ғана аялдайды. Билетті кез келген кассадан және де интернет арқылы да алуға болады.

– Мемлекетіміздің рухани ордасы Түркістан халқына қызмет ететін пойызға қызмет жасауға дайынбыз. Пойыз соңғы үлгідегі бүкіл талаптарға



сай. Облыс басшысы айтқандай, екі вагоннан тұратын жүрдек пойыздың жүру уақыты 2 сағат 15 минутқа қысқартылды. Вагонның ішінде қысы-жазы температуралық режим сақталған. Жол жүру бекітілген заңдылықтарға сай 1 шаршы метрге бес адамнан келеді. Бұл – дүниежүзіндегі стандартқа сай қабылданған қағида. Адамдар өзара келіссе, орын болмаған жағдайда вагон ішінде тұрып та келе беруге болады. Оның заңға қайшылығы жоқ. Алдағы уақытта аталған пойыздың тағы да уақытын тездетіп, күндерін көбейтуге болады, – деді «Қала маңы тасымалы» АҚ президенті Мұхтарбек Сүлейменов.

Бұдан бөлек, «Қала маңы тасымалы» АҚ аптасына 5 рет қатынайтын әлеуметтік маңызы бар «Түркістан-Бадам» және «Түркістан-Сарыағаш» бағыттарын да іске қосқанын да айта кетейік. «Түркістан-Бадам» пойызының жол жүру уақыты 3 сағатты құрайды және Компания бұл бағытты Шымкент қаласына дейін ұзартуды жоспарлауда. «Түркістан-Сарыағаш» бағыты жаңа әкімшілік орталықты облыстың оңтүстік аудандарымен байланыстырады. Жаңа «Түркістан-Сарыағаш» бағытында жол жүру уақыты 5 сағат 20 минутты құрайды.

Суретті түсірген автор

ТҰСАУКЕСЕР

## ҰЛЫ ЖОЛДАҒЫ ҮНДЕСТІК...

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Орталық аппаратының ғылыми-техникалық кітапханасында Құрметті теміржолшы Аманжол Ибрагимовтің «Ұлы жолдағы үндестік. Қазақстан – Қытай» кітабының тұсаукесері өтті.

Сұлугұл БАКЕСОВА

«1758 жылы қазақ-қытай арасындағы бартер Үрімші қаласында ашылған. Қазір сол кездегі іскерлік қарым-қатынастың жалғасы ретінде Қорғас ХШБЮ атап өтуге болады. Жалпы «Ұлы жолдағы үндестік» кітабында Ұлы Жібек жолының тарихы, Қазақстан мен көршілес Қытай жері арқылы өткен бағыт-бағдарларының, қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасын тоғыстыра отыра, кейінгі кезде қолға алына бастаған көліктік-логистика саласымен сабақтастығы сараланып баяндалған. Сонымен қатар Қазақстан мен Қытай арасындағы Ұлы Жібек жолы тарихынан қызықты да тарихи мәліметтер беріліп отыр. Бұл кітапты жазу барысында Қытай тіліндегі мәліметтер аударылып берілді және Н.Есенғарин, К.Байпақов, Қ.Салғарин сынды елімізге танымал азаматтардың еңбектері де пайдаланылды. Бұл кітап көліктік-логистика



саласын дамытуды қолға алғысы келген жігерлі жандарға, студенттерге және Ұлы жолдағы үндестікті сезгісі келген оқырмандарға арналып отыр», – деді автор жаңа шығармасы жөнінде түсінік беріп өтіп.

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Техникалық орталығының бас менеджері Наталья Смольянова теміржолдың ғылыми-техникалық кітапханалары мұраға

бай екеніне тоқталып өтіп: «Ғылыми-техникалық кітапханаларда техникалық әдебиеттерді, соның ішінде темір жол саласына қатысты әдебиеттерді көптеп кездестіруге болады. Қазақстан бойынша ғылыми-техникалық кітапханалардағы жалпы кітап қоры 1 млн кітапты құрайтын болса, тұрақты оқырмандар саны – 28 мың. Құрметті теміржолшы Аманжол Ибрагимовтің

МӘЙЕКТИ МӘСЕЛЕ

## ТЕМІРЖОЛ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

(Соңғы Басы 1-бетте)

«Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Рашид Күзембаевтың пайымдауынша, Қазақстанның осы бірегей табиғи және тарихи-өзіндік көрнекті орындарына әрбір қазақстандық баруы тиіс. Бірақ, ішкі туризм мүмкіндіктері мен ұсынылатын қызмет түрлері бойынша ел тұрғындары әлі де толық ақпарат алып отыр деп айта алмаймыз. Дей тұрғанмен, жыл маусымдарына сай жер-жерде әртүрлі акциялар мен фестивальдардың өткізіліп жатуы соңғы жылдары осы салаға деген жұрттың қызығушылығын туғызуда.

Жалпы елімізде осы саланы өркендету үшін 300 млрд теңге қажет екендігі туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы назарына ұсынған кезде көтерілген еді. Аталған бағдарламаға сәйкес ең танымал он бағыт: Бұрабай, Алакөл, Түркістан, Астана, Балқаш, Имантау бағыттары таңдап та алынған. Мәдениет және спорт министрлігі өңірлердегі инфрақұрылымды дамытуды мәселе етіп көтерді. Бұл орайда әуе және теміржол билеттерін субсидиялау да жоспарға енгізілді. Енді демалыс орындарына баратын жолақысы да арзандайды деп күтілуде. Қазірдің өзінде теміржол арқылы еліміздің ғажайып орындарын көруге құптар жандардың қатары артып келеді. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтеріне қарағанда, 2017 жылы елімізге саяхаттаушы туристер саны 5,5 миллион адамға жетіпті. Осылайша ішкі туризм өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ке артқан. Сондай-ақ өткен жылы да осы үрдіс сақталған. Реті келгенде айта кету керек, елімізбен Silk Visa – «Жібек жолы» визасы жобасын іске асырып жатқан Өзбекстан өткен жылы 5 миллион ту-

ристі қабылдаса, бұл 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге көп. Жобаға Қырғызстан да қызығушылық танытып отырғандығын қаперге алсақ, жақын болашақта Орталық Азияға деген туристердің қызығушылығы өсе түсетіні кәміл. Елімізде 2019 жылдың 1 қаңтарынан электрондық виза рәсімдеу жүзеге асырыла бастаса, Өзбекстанда да осындай қадамдарға барып отыр. Бұл ретте қазақстандықтардың алыста жақын

көптеп шығарылуы бедерінде темір жолдың да өзіндік орны бар екенін баса айтқан жөн. Бұл орайда саяхатты ұнататындар теміржол көлігінің қауіпсіздігі мен ыңғайлығы басты назарға алынады. Оның үстіне теміржол көлігінде, яғни пойыз үстінде онша-мұнша жұмыстарды да атқара беруге мүмкіндік бар және ақпараттардың қолжетімділігі де жоғары.

Жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асырып келе

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ 3 ӘУЕЖАЙЫ МЕН 7 ВОКЗАЛЫНДА, СОНЫМЕН БІРГЕ «ТҰЛПАР-ТАЛҒО» ЖӨНЕ ФИРМАЛЫҚ ЖҮРДЕК ПОЙЫЗДАРЫНДА ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ІШКІ ТУРИЗМГЕ ҚАТЫСТЫ «UNKNOWN KAZAKHSTAN» ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАСЫ КӨРСЕТІЛЕ БАСТАДЫ.

шет елдерден гөрі еліміздің қасиетті жерлерін аралап, тарихымызбен танысып, сулу табиғатын тамашалауға ден қойып келе жатқаны қуантарлық жайт. Ұлттық тасымалдаушы компания – «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ теміржолмен саяхаттаушыларға қажетті жан-жақты ақпараттар беру үшін Kazakh Tourism және Kazakh TV-ның пайдалы ақпараттарын Талғо вагондарында тарата бастауы саланың бірі. Саяхаттауға шыққан жолаушыларға барынша жайлы жағдай жасау үшін көліктің барлық түрінде өзіндік жеңілдіктер және ынталандырулар жүзеге асырылып келеді. Автомобиль жолдары жаңартылып, әуе ұшақтарына билет құны төмендеп, саяхаттауға арналған кемелердің теңіздерге

жатқан ҚТЖ-ның еншілес кәсіпорны «Жолаушылар тасымалы» АҚ бүгінгі таңда 119 бағыт бойынша жұмыс істеп келеді. Соның 10-ы халықаралық бағыттарға қатынаса, ал 43-і облысаралық және 66-сы – қала маңына жүретін пойыздар. 2018 жылы теміржол көлігімен шамамен 18 миллион жолаушы тасымалданған. Сонымен қатар Қазақстан аумағы арқылы өзге елдерде (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь, т.б.) құрылған пойыздар 21 бағытқа қатынайды. Жеріміздің ұзақтығы вагондардың жолаушылар үшін барынша жайлы болуын талап ететіндігін ескерсек, бұл мәселе «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ тарапынан жіті назарға алынған. Жолаушы тасымалындағы жайлылық ең алдымен таза да демалып баруға ыңғайлы вагондардан басталады. Соңғы онжылдықта Ресей мен Украинадан шыққан заманауи вагондарды сатып алып, жолаушы вагондар паркін біршама жаңартуға қол жеткізген ҚТЖ испандық

талғо вагондарын шығаратын отандық зауыттың салынуына мұрындық болды. Бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпіріне қатынап жатқан жүрдек жолаушы құрамдары осы Талғо вагондарынан жасақталған. Яғни, елімізде де заман талабына жауап беретін вагондар шығару жолға қойылған деген сөз. Жақында Берлинде өткен «InnoTrans 2018» көрмесінде «Трансмашхолдинг» АҚ ресейлік компаниясы тарапынан қазақстандық «Тұлпар-Талғо» зауыттың сатып алу туралы келісімге қол қойылуы отандық зауыттың халықаралық нарықтағы беделі мен болашағын байқағандай. Орайы келгенде айта кетейік, 2018 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ иелігінде 2188 вагон болса, жыл соңына дейін ескі вагондар қолданыстан шығарылып, оның орнына 1200 жаңа вагон айналымға енгізіле бастады. Бұдан басқа, билет сатып алуы барынша оңайлату мақсатында көптеген жаңашылдықтар қолға алынып отыр. Интернет арқылы билеттерді сатып алудың 66%-ке жетуі көп жайттан хабар береді.

Қорыта айтқанда, туризм – экономиканың барлық саласына қозғау салатын маңызды тетік десе де болғандай. Соның ішінде ұлан-байтақ Қазақстан үшін ішкі туризмнің жандануы теміржол көлігімен тікелей байланысты. Сондықтан бүгінде көптеген мемлекеттермен көліктік-логистикалық ынтымақтастығын жолға қойып келе жатқан «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ отандық туризмді дамытуға өзіндік үлесін қосуға мүдделілік танытып келеді. Ал туризм миллиондаған адамдарға жұмыс орындарын ашып, өз істерін бастауына түрткі болатын өміршен әрі табысты сала екенін жоққа шығармаймыз. Қазіргі таңда әлемдік қызмет көрсету саудасында туризмнің үлесі 30%-тен асады екен. Олай болса, бұл саланың дамуына енді ғана ден қойған еліміз үшін бұл үлкен мүмкіндік.



## РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВО

## НА БЛАГО КОМПАНИИ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» на Техническом совете третьего уровня под председательством управляющего директора – главного инженера компании Батыра Котырева по итогам 2017 и 2018 годов определены победители конкурса «Үздік рационализатор».

## Асель ШАЙХЫНОВА

На конкурс было заявлено 16 рационализаторских предложений за два года, и только шесть из них стали победителями. При этом все призеры – генераторы идей, чье техническое творчество направлено на экономию материалов, совершенствование технологических процессов и условий труда.

Работы победителей будут включены в план тиражирования рационализаторских предложений по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» на текущий год. Кроме того, в экспертной комиссии по интеллектуальной собственности АО «НК «ҚТЖ» рационализаторские предложения будут рассмотрены для определения возможности получения охранного документа как на объект интеллектуальной собственности с целью защиты имущественных прав компании.

Так, по итогам 2017 года первое место присуждено автору рационализаторского предложения

«Изменение в схеме кодирования рельсовых цепей по РЗД-2, РЗД-5, РЗД-8, РЗД-13, ст. Коктума и ст. Жаланашкөл» с экономическим эффектом 1 759 455 тенге – главному специалисту по безопасности движения Актогайской дистанции сигнализации и связи филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Алматынское отделение магистральной сети» Бауржану Жанибекову. Второе место заслужили два автора – начальник ЭПУ Вячеслав Горьчев и старший электромеханик ЭПУ Павлодарской дистанции электроснабжения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» Андрей Курышин за рационализаторское предложение «Модернизация схемы автоматики включения подогрева приводов вакуумных выключателей ВВ-27,5 кВ» с экономическим эффектом 88 450 тенге.

«Бронзу» завоевала автор предложения «Замена индивидуальных светильников вагонов производства

КНР» с экономическим эффектом 220 500 тенге, инженер-технолог по эксплуатации регионального филиала по пассажирским перевозкам «Западный» АО «Пассажирские перевозки» Дана Журсинова.

